


**Денсаулық сақтау объектілерін  
пайдалануға қойылатын  
санитариялық-эпидемиологиялық  
талаптар**

Орында



- Мамандандырылған денсаулық сақтау объектілерін (психиатриялық, туберкулезге қарсы, наркологиялық) 500 метр (бұдан әрі – м) қашықтықты сақтай отырып, жасыл алқаптарда орналастыру керек
- Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарға қуаты ауысымына 150 келушіден аспайтын амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдарды орналастыруға жол беріледі.
- Магниттік-резонанстық томографияға арналған үй-жайды жүкті әйелдерге, балаларға және кардиологиялық науқастарға арналған палаталармен көршілес (көлденең және тігінен) орналастыруға жол берілмейді.



- Қоғамдық және тұрғын үй ғимараттарының жертөле және цокольдік қабаттарында стоматологиялық объектілер орналастырылмайды.
  - Инфекциялық және туберкулезге қарсы бөлімшелерде көлік кіретін (адам кіретін) жеке кіреберіс және көлікті дезинфекциялауға арналған алаң жасалады.
  - Объектілердің ғимараттары орталықтандырылған суық, ыстық сумен жабдықтау және кәріз жүйелеріне қосылады.
- 



Ана мен баланы қорғау ұйымдарында хирургиялық және инфекциялық стационарларда әрбір бөлімшеге кіреберісте қолды өңдеу үшін антисептігі бар шынтақ дозаторлары орнатылады.

Медицина персоналы қолды өңдеу үшін антисептігі бар жеке дозаторларды қосымша пайдаланады.

Жаңа туған нәрестелер палаталарында балаларды жуындыру үшін кең тостағаны бар және араластырғыш арқылы ыстық және суық су келіп тұратын раковина орнатылады.

A photograph of a modern building with a prominent glass facade. The building has a white, multi-tiered top section. On top of this section, there is a sign in red Cyrillic letters that reads "АНА МЕН БАЛА ОРТАЛЫҒЫ". To the left of the text is a circular logo containing a stylized figure. A flag is visible flying from a pole behind the sign. The sky is clear and blue.

 **АНА МЕН БАЛА ОРТАЛЫҒЫ**

- Инфекциялық, туберкулез, тері-венерологиялық бөлімшелерде бокстардың, шлюздерінде және дәретханаларда жуғыш бактар үшін педальды ағызғыш көзделеді.

Балшықпен емдеудің ас үйлері үй-жайларының сарқынды суларын ағызу балшық тұндырғыштардағы арнайы жолдар арқылы жүзеге асырылады. Гипс дайындауға арналған үй-жайларда қол жуғыш астында сыйымдылығы  $0,1 \text{ м}^3$  (бұдан әрі -  $\text{м}^3$ ) болатын қондырғы көзделуі керек.

Ас блогының өндірістік сарқынды суларын тазалау үшін объектілерде май жинағыштар орнатылады.





□ Объектілердің үй-жайларында табиғи жарықтандыру көзделеді.

Көкжиектің оңтүстік румбаларына бағдарланған терезелер күннен қорғау құрылғыларымен (күнқағарлар, жалюздер) жабдықталады.

Жасанды жарықтандыру барлық үй-жайларда көзделеді.

Төбелерге орнатылатын жарықтандыру шамшырақтары тұтас (жабық) плафондармен жабдықталады.



□ Денсаулық сақтау объектілерінің үй-жайларындағы микроклимат пен ауа ортасының тиімді жағдайлары желдету, ауа баптау және жылыту жүйелерімен қамтамасыз етіледі. Сору-сыртқа таратудың желдеткіш жүйелері тазалық сыныбына сәйкес үй-жайлар топтарына қызмет көрсетеді.

Желдеткіш және ауа өткізгіштердің ауа баптау жүйелерін профилактикалық тексеру, жөндеу, механикалық сору-сыртқа тарату желдеткіші және ауа баптау жүйелерін тазарту және дезинфекциялау бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

Ғимараттар жасанды іске қосылатын сору-сыртқа тарату желдеткіш жүйелерімен жабдықталады



- Барлық үй-жайларға ауа жоғарғы аймаққа, стерилді үй-жайларға ламинарлық немесе әлсіз турбулентті ағынмен 0,15 м/сек жылдамдықпен беріледі.

Желдеткіш жүйесінің жабдығы сыртқа тарату және сору жүйелері үшін бөлек және дәрігерлер кабинеттеріне, операциялық бөлімге, палаталарға және адамдар үнемі болатын басқа да үй-жайларға жалғаспайтын арнайы үй-жайларда орналастырылады.

Сору жүйелеріне арналған үй-жайларда бір сағатта бір мәрте ауа алмасатын сору желдеткіші, сыртқа тарату жүйесіне арналған үй-жайларда екі мәрте ауа алмасатын сыртқа тарату жүйесі болуы тиіс.



Объектілер орталықтандырылған жылыту жүйесіне қосылады немесе жеке жылу көзін пайдаланады.

Ауадағы дәрілік заттардың қауіптілік сыныптары әдістемелері болған жағдайда қолданылатын дәрілік заттардың атауына сәйкес айқындалады.

Үй-жайлар қабырғаларының, едендері мен төбелерінің беттері тегіс, ақаусыз, ылғалды жууға қолайлы және жуу мен дезинфекциялау құралдарымен өңдеуге төзімді материалдардан жасалады.





□ Қан қызметі ұйымдарында өндірістік үй-жайлар «таза» және «лас деп есептелетін» ағындардың қиылысуын болдырмайтын технологиялық жүйелілікті сақтай отырып, функционалдық блоктар бойынша жобаланады.

Қан компоненттерін дайындауға арналған үй-жайлар қатаң түрде мақсатына байланысты пайдаланылуы тиіс. Осы үй-жайларға кіру персонал үшін шектеледі.

Өндірістік және зертханалық үй-жайлар басқа үй-жайлардан бөлек орналастырылады, арналған мақсаттарда ғана пайдаланылады және санкцияланған рұқсаты болады



O (I) Rh+

O (I) Rh+

Экстракорпоральды ұрықтандыру бөлімшесінің құрамы мен алаңы технологиялық процеспен және мекеменің қуатымен айқындалады.

Гинекологиялық, босандыру бөлімшелерінің қабылдау бөлімшелері және балалар стационарының қабылдау бөлімшесі киім ілетін орны мен себезгісі бар персоналға арналған санитариялық өткізгіштермен жабдықталады.

Босандыру палатасында ауаның температурасы кемінде  $+25^{\circ}\text{C}$  болуы тиіс. Мерзімінен бұрын босану кезінде босану залындағы ауаның температурасы кемінде  $+28^{\circ}\text{C}$  қамтамасыз етіледі.



Ақ Жайық

□ Инфекциялық аурулар бөлімшелерінің бокстарында палатаға шлюздерден әйнектелген жақтаулар, шлюзден палатаға тамақ, дәрілік заттар мен ішкі киімді жеткізуге арналған беру шкафы көзделеді. Боксталған палаталарда осы шкафтар дәлізден палатаға ұйымдастырылады. Науқастардың тамақтануы палатада жүзеге асырылады.

Туберкулезге қарсы стационарларда биіктігі периметрі бойынша 2,5 м кем емес тұтас қоршау, бақылау-өткізу пункті, күзет көзделуі тиіс.

Туберкулезге қарсы стационарлардың аумағында бактерия бөлетін, бактерия бөлмейтін науқастарға жеке-жеке қоршалған серуендеу алаңдары көзделуі тиіс.



ПРОТИВОТУБЕРКУЛЕЗНЫЙ ДИСПАНСЕР



Тіс техникасы зертханаларында негізгі үй-жайдағы тіс техникінің жұмыс орны арнайы тіс техникасы үстелімен және шаңды жергілікті соруға арналған электрлі тегістеу машинасымен жабдықталады. Тіс техникасы зертханасының алаңы кемінде  $7,0 \text{ м}^2$ , бір жұмыс орнына кемінде  $4,0 \text{ м}^2$ .



Стоматологиялық ұйымдарды осы Санитариялық қағидалардың талаптары сақталған жағдайда жеке кіру есігі бар тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың бірінші қабаттарында орналасқан жеке тұрған, жапсарлас (ішіне жапсарлас) салынған үй-жайларда орналастыруға рұқсат етіледі.





Патологиялық-анатомиялық бөлімшеде және мейітханада үш кіріп-шығатын, екеуі мейіттерді бөлек қабылдауға және беруге арналған, үшіншісі персоналдың пайдалануына арналған есік болуы тиіс.

Мейітханада мынадай үй-жайлар: мейіттерді қабылдау және сақтау бөлмесі, тіркелген материалды, киімді, табыттарды және басқа да мүліктерді сақтау бөлмесі, персоналға арналған тұрмыстық үй-жайлар көзделуі қажет.

Ғимарат ішінде мейіттерді тасымалдауға, ашуға, тіркелмеген секциялық материалды өңдеуге және сақтауға байланысты үй-жайлар гистологиялық зертханадан,, мұражайдан және тұрмыстық үй-жайлардан тамбур немесе дәліз арқылы бөлінеді.



